

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 наурыздағы № 213 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 442 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 № 442 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 2 наурыздағы
№ 213 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

Ескерту. Стратегиялық жоспар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.29 № 1653 (қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс) Қаулысымен.

1. Миссиясы мен пайымдауы

Миссиясы. Қала құрылысы, сәулет және құрылыс құралдары және коммуналдық қамтамасыз ету арқылы қол жеткізілетін адамның мекендейтін және тіршілік ететін толыққанды ортасын қалыптастыру, елді мекендер мен

қонысаралық аумақтарды тұрақты дамыту.

Пайымдауы. Сәулет, қала құрылысы мен құрылыс саласындағы және тұрғын үй-коммуналдық саладағы мемлекеттік реттеуді жетілдіру, қазіргі жағдайда құрылыс өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және сапасын арттыру.

2. Тиісті салалар (аялар) қызметінің ағымдағы жағдайын және даму үрдістерін талдау

1-стратегиялық бағыт. «Тұрғын үй құрылысын дамыту».

Ескерту. 1-стратегиялық бағытқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 № 1793 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Реттелетін саланы немесе қызмет саласын дамытудың негізгі өлшемдері.

Құрылысты одан әрі дамыту, сондай-ақ құрылыс өнімдерінің қауіпсіздігін және сапасын арттыру мемлекеттің түйінді экономикалық міндеті болып табылады.

Құрылыстың оны басқа салалардан ерекшелеп тұратын әрі құрылыс өндірісін ұйымдастыру мен басқарудың ерекшелік нысандарын талап ететін өзіне тән ерекшеліктері болады. Бұл - құрылыс объектілерінің қайталанбайтындығы, құрылыс өнімдерінің стационарлық сипаты, құрылыс процесіне қатысушылардың әртүрлілігі, салыстырмалы түрде капиталдың баяу айналымы және тәуекелдің жоғары деңгейі.

Тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005 — 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі - 2005 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама) іске асыру қорытындылары бойынша 15,8 млн. шаршы метр тапсырылған болса, нақты 17,9 миллион шаршы (бұдан әрі - млн. шаршы) метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

2005 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама тұрғын үй құрылысын дамытуға қосымша серпін бергенін ескеріп, Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 тамыздағы № 383 Жарлығымен жаңа Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - 2008 — 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама) бекітілген, ол табыс деңгейі әртүрлі азаматтар үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру қорытындылары бойынша тұрғын үйдің жалпы алаңы 19,3 млн. шаршы метр көлемінде іске қосу көзделген, нақты 19,7 млн. шаршы метр пайдалануға берілді.

Алайда, әлемдік дағдарыс экономиканың осы секторына да әсерін тигізді, атап айтқанда, 2008 жылы тұрғын үй құрылысына инвестициялар 2007 жылмен салыстырғанда 89 % құрады, ал 2009 жылы 2008 жылдың деңгейінен 41 % төмен

болды. Жеке құрылыс салушылардың белсенділігі төмендеді. Бұл ретте, бюджеттік қаражат есебінен тұрғын үй салу тұрақты болып қалып отыр.

Республикалық бюджеттен 29,1 млрд. теңге сомасында бөлінген нысаналы трансферттер есебінен 2008 - 2010 жылдары жалға берілетін тұрғын үйдің жалпы көлемі 378,3 мың шаршы метр 6304 пәтер пайдалануға берілді.

Республикалық бюджеттен 49,8 млрд. теңге көлемінде бөлінген кредиттік қаражат есебінен «100 мектеп пен 100 аурухана салу» жобасының шеңберінде білім беру мен денсаулық сақтау объектілерінің қызметкерлеріне, сондай-ақ Астана қаласының бюджеттік саласының қызметкерлеріне жалпы алаңы 490,6 мың шаршы метр 8146 пәтер пайдалануға берілді.

Тұрғын үйлерді пайдалануға уақтылы беруді қамтамасыз ету мақсатында құрылыс салынатын аудандарды инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жөнінде ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер есебінен 2008 -2010 жылдары құрылыс салу аудандарында 6791,3 км инженерлік желілер, оның ішінде 3596,9 км электрмен жабдықтау желілері, 193,8 км жылумен жабдықтау желілері, 1263,8 км сумен жабдықтау желілері, 560,6 км кәріз, 690,7 км газ құбыры және 485,5 км жол салынды.

Көрсетілген кезең ішінде 94530 жер учаскесі инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген, оның ішінде 80147 -республикалық бюджет қаражаты есебінен және 14383 - жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен

Ақмола облысында Астана қаласының серіктес қаласы ретінде Қосшы ауылын дамыту шеңберінде Целиноград ауданының Қосшы ауылында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу жөнінде жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бюджеттік қаражат кәріз құрылыстары мен арынды коллекторды, сумен жабдықтау мен кәріз желілерін салуды аяқтауға бағытталған. Тұрақты электрмен жабдықтау мен квартал ішіндегі жолдармен қамтамасыз ету үшін жылыту көзі, трансформаторлы қосалқы станциясы бар жылумен жабдықтау желілері салынып жатыр.

Алматы облысында Алматы қаласының төрт серіктес қаласын дамыту жөнінде жұмыстар жалғасуда. 4 серіктес қаланың бас жоспарлары әзірленген және бекітілген. Бірінші серіктес қала Gate City инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салуға жоспарланған жобалар бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу аяқталуда, уақытша жолдар мен газбен жабдықтау желілерін орнату жөнінде құрылыс-жинақтау жұмыстары жүргізілуде.

Үкіметтің дағдарысқа қарсы шараларын іске асыру тұрғын үйді іске қосу көлемін азайтуға жол бермеуге және оны дағдарысқа дейінгі деңгейде - 6,0 млн. шаршы метр шамасында сақтап қалуға мүмкіндік берді.

Аталған шаралар шеңберінде Үкімет үлестік құрылысқа қатысушылардың арасында шиеленісті төмендету жөнінде шаралар кешенін қабылдаған, оның ішінде үлестік құрылысты 430 млрд. теңге мөлшерінде бюджеттік қаржыландыруды жүзеге асырған. Қабылданған шаралардың арқасында 62 мыңнан астам үлескері бар 450 объектінің ішінде 2011 жылғы 1 қаңтарда 13,6 мыңнан астам үлескері бар 58 объекті салып бітіру қажет. 2011 жылдың соңына дейін барлық қалған үлескердің проблемасын шешу жоспарланып отыр.

Бюджеттік қаражатты үлестік құрылысқа құю - бұл қоғамдағы әлеуметтік шиеленістің алдын алу қажеттілігінен туындаған бір жолғы акция екенін атап өту керек.

Үлестік құрылыста өзара қатынастарды реттеу үшін одан әрі бюджеттік шығындарға жол бермейтін жүйелі шара ретінде қолданыстағы заңнама қатаңдатылды - 2009 жылғы 11 шілдеде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Тұрғын үйді іске қосу көлемін одан әрі сақтау, тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың жаңа тетіктерін қолдануды кеңейту және тұрғын үй құрылысына жеке инвестициялар тартуды ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 329 қаулысымен Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2011 - 2014 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды.

Осы Бағдарламаны іске асыру шеңберінде халық үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру жөнінде шаралар көзделген.

Сонымен, жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй жағдайын жақсартуға есепте тұрған азаматтар үшін республикалық бюджет қаражаттары есебінен әр облыста, Астана және Алматы қалаларында мемлекеттік жалға берілетін пәтерлер (үйлер) жобалау және жыл сайын салу көзделген.

Салынып жатқан тұрғын үйді пайдалануға беруді уақытылы қамтамасыз ету мақсатында республикалық бюджет қаражаттары есебінен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, соның ішінде жылумен, сумен, газбен және электрмен жабдықтаудың квартал ішіндегі инженерлік желілерін, кәріз, инженерлік құрылыстар мен жолдар салу қарастырылған.

Мемлекет басшысының 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесін және жалпы тұрғын үй коммерциялық секторын дамыту жөніндегі жұмыстар басталды. Оның нәтижелері бойынша Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің (бұдан әрі - ҚТҚЖБ) қатысуымен жергілікті атқарушы органдар арқылы кредиттік

тұрғын үй салудың және сатудың жаңа схемасы әзірленді. Бұл ретте, азаматтардың, ҚТҚЖБ-ның, мемлекет пен құрылыс компанияларының тең құқылы әріптестігі қағидаты қолданылған. 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша ҚТҚЖБ 167 мыңға жуық азаматпен жалпы сомасы 39 млрд. теңгеден астам жинағы бар тұрғын үй құрылысы жинақтары туралы шарт жасасты.

ҚТҚЖБ-нің деректері бойынша банк салымшыларының - тұрғын үйді әлеуетті сатып алушылардың саны осы уақытта шамамен 17 мың адам құрайды, ал көрсетілген жобаларды іске асырудың нәтижесінде 8 мыңнан астам пәтер ғана с а л ы н а т ы н б о л а д ы .

Халыққа әрленген 1 шаршы метр тұрғын үй сату бағасы Алматы қаласында 142,5 мың теңге, Астана және Ақтау, Атырау және Өскемен қалаларында 112,5 мың теңге, ал қалған өңірлерде шамамен 90 мың теңге құрайтын болады. Тұрғын үй құрылысының соңғы бағасы жобалау-сметалық құжаттамамен және Мемлекеттік сараптамамен анықталатын болады.

Өңірлерде пилоттық жобаларды іске асыру - ҚТҚЖБ-нің әлеуетін пайдаланудың бірінші сатысы ғана екенін атап көрсету қажет, бұл іс жүзінде тұрғын үй құрылысының нақты схемаларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Пилоттық жобаларды іске асыру нәтижелері бойынша ҚТҚЖБ салымшыларының салынған тұрғын үйге төлем қабілеттілігін қамтамасыз ететін белгілі пулын қалыптастыруы тиіс, ол жеке құрылыс салушылардың коммерциялық тұрғын үй салуға мүдделігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Тұрғын үй құрылысының көлемін сақтап қалу мақсатында 2011 және одан кейінгі жылдары мемлекет құрылысты қаржыландыру үшін екінші деңгейдегі банктерді (бұдан әрі - ЕДБ) қорландыруға қолдау көрсететін болады.

Тұрғын үйді сату ЕДБ-ның таңдауы бойынша төменде көрсетілген схемаларды пайдалану арқылы жүзеге асырылатын болады:
кейіннен ипотека берілетін депозиттік-жинақтау жүйесі;
кейіннен бөліп-бөліп сата отырып депозиттік-жинақтау жүйесі;
тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі.

Аталған тетіктерді іс жүзінде іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдар инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жеткізілген жер учаскелерін б ө л у г е т и і с .

2012 жылдың 10 айы ішінде барлық қаржыландыру көздерінен жылдық жоспар көлемінің 83 % (6 050,0 мың. шаршы метр) және 2011 жылдың осыған ұқсас кезеңіне 107,2 % құраған 5 000,0 мың. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Тұрғын үй құрылысына 318,7 млрд. теңге инвестициялар бағытталған.

Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі жүйесі арқылы іске асырылатын тұрғын үй құрылысына бөлінген 42,4 млрд. теңге көлеміндегі қаражаттың ағымдағы жылдың 10 айында жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) 25,3 млрд.

теңгесін игерді. 313,0 мың шаршы метр тұрғын үйді іске қосу жоспарынан, пәтер алаңы 30,8 мың шаршы метр (503 пәтер) тұрғын үй пайдалануға берілген. Республикалық бюджетті нақтылау кезінде кредит беру сомасы 324,0 млн. теңгеге (Атырау облысы) қысқарған, 2013 жылға өтпелі объектілерді ескергенде жоспарланған көлем 245,0 мың шаршы метрге дейін кеміген.

Кезекте тұрғандар үшін жалға берілетін тұрғын үй құрылысына бөлінген 19,6 млрд. теңге көлеміндегі қаражаттың ағымдағы жылдың 10 айында ЖАО 13,2 млрд. теңгесін игерді. 136,4 мың шаршы метр тұрғын үйді іске қосу жоспарынан, пәтер алаңы 66,3 мың шаршы метр (1164 пәтер) тұрғын пайдалануға берілген. ЖАО деректері бойынша күтіліп отырған іске қосу 150,0 шаршы метрді құрайды.

Жас отбасылар үшін жалға берілетін тұрғын үй құрылысына бөлінген 15,0 млрд. теңге көлеміндегі қаражаттың ЖАО 7,5 млрд. теңгесін игерді. 133,7 мың шаршы метр көлеміндегі тұрғын үйді іске қосу 2013 жылға қарастырылған.

Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға 2012 жылы 60 млрд. теңге бөлінген, 42 млрд. теңге игерілді. Тұрғын үй құрылысы салынатын аудандарда 1516 км сумен, электрмен, газбен, жылумен жабдықтау және су бұру инженерлік желілері, сондай-ақ кіреберіс жолдар салынған. Астана және Алматы қалаларының серіктес қалаларын дамыту шеңберінде Ақмола облысы Қосшы ауылында және Алматы облысының Іле ауданында (G4-City) инженерлік инфрақұрылымның құрылысы жүргізіліп жатыр. Бұдан басқа, Алматы қаласында бөлінген 3,0 млрд. теңгенің есебінен үлескерлер қатысатын тұрғын үй кешендеріне инженерлік инфрақұрылымның құрылысы аяқталады.

ЖАО ақпараты бойынша жылдың соңына дейін бөлінген бюджеттік қаражат толық игеріледі деп күтіліп отыр.

«Қолжетімді тұрғын үй –2020» бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды іске асыруға 2013 жылы республикалық бюджеттен 157,1 млрд. теңге бөлу көзделген, соның ішінде 62,8 млрд. теңге шартты қаржыландырылатын жобалардың тізбесіне енгізілген. Қаржыландырудың барлық көздері бойынша 6 600,0 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Осы шараларды қабылдау 2011 - 2014 жылдарға арналған Бағдарлама шегінде 24,3 млн. шаршы метр тұрғын үйді іске қосуға мүмкіндік береді.

Негізгі проблемаларды талдау.

Бүгінгі күні тұрғын үй құрылысындағы кемшіліктер мыналар болып табылады - ұсынысқа қарағанда тұрғын үйге сұраныстың алға шығуы мен артуы, халықта тұрғын үйді сатып алудың қолжетімді құралдарының болмауы (дағдарыс жағдайында ипотекалық кредит беру өлшемдері қатая түсті), сондай-ақ жылжымайтын мүлік нарығында үлестік құрылысқа қатысушылардың проблемалары әлі толық шешілген жоқ.

Сонымен, егер 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша желілік кестеге

сәйкес 13650 үлескері бар 58 үлестік құрылыс объектісін (оның ішінде Астана қаласында 5944 үлескері бар 25 объектіні, Алматы қаласында 3376 үлескері бар 19 объектіні, басқа өңірлерде 4330 үлескері бар 14 объектіні) салып бітіру қажет болса, енді 2011 жылғы 1 қыркүйекте 9 986 үлескері бар 45 үлестік құрылыс объектісін (оның ішінде Астана қаласында 3091 үлескері бар 16 объектіні, Алматы қаласында 2 893 үлескері бар 16 объектіні, басқа өңірлерде 4 002 үлескері бар 13 объектіні) салып бітіру қажет.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

Дүниежүзілік қаржы дағдарысының қайталануы құрылыс саласына әсер ететін сыртқы факторлар болып табылады, осының салдарынан құрылысқа инвестиция төмендейді. Бұдан басқа, дүниежүзілік нарықта құрылыс материалдарына бағаның өсуі тұрғын үй құрылысының қымбаттауына алып к е л е д і .

Мердігерлік ұйымдардың өз міндеттемелерін сақтауы және тұрғын үй объектілерін салуға бюджеттен қаржылық қаражаттың уақытында аударылуы тұрғын үй құрылысын дамытуға әсер ететін ішкі факторлар болып табылады.

2-стратегиялық бағыт. «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту ж ә н е д а м ы т у » .

Ескерту. 2-стратегиялық бағытқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 № 1793 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Реттелетін саланы немесе қызмет саласын дамытудың негізгі өлшемдері.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 18 ақпандағы № 1158 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 сәуірдегі № 473 қаулысымен бекітілген қағидатты жаңа Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламасы бекітілген, оның мақсаты халықтың тұруына қолайлы жағдайды қамтамасыз ету және коммуналдық инфрақұрылымның жағдайын жақсарту б о л ы п т а б ы л а д ы .

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (бұдан әрі - ТКШ) саласы өзара байланысты екі негізгі элементтен тұрады:

коммуналдық қызметгердің негізгі тұтынушылары болып табылатын көп пәтерлі тұрғын үйлерді (бұдан әрі - КПУ) және жеке үй құрылыстарын қамтитын т ұ р ғ ы н ү й с е к т о р ы ;

жылумен, газбен және электрмен жабдықтауды қамтамасыз ететін желілер мен құрылыстарды (жүйелерді) қамтитын коммуналдық сектор.

Тұрғын үй қоры және тұрғын үй қатынастары

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің (бұдан әрі - ҚР СА) деректері бойынша республиканың тұрғын үй секторының жалпы алаңы 271,7 млн. шаршы метрді құрайды, оның ішінде 264,9 млн. шаршы метр немесе 97,5 %

тұрғын үй жеке меншікке тиесілі.

Жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі - ЖАО) деректері бойынша КПТҮ-ге жататын тұрғын үй қорының 50,1 млн. шаршы метрі немесе 32 % күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуді талап етеді, ал 3,8 млн. шаршы метр (2 %) бұзылуға жататын, одан әрі пайдалануға жарамсыз авариялық тұрғын үйлер.

Қазіргі уақытта көп пәтерлі тұрғын үй қорын басқару және күтіп ұстау саласы негізінен пәтер меншік иелерінің кооперативтері (бұдан әрі - ПИК) қызметімен қамтамасыз етіледі, олар бір мезгілде жөндеу жұмыстары мен қызметтерінің тапсырыс берушісі және мердігері бола отырып, нарықта «монополиялық» жағдайға ие және кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін жөндеу бойынша сапалы қызмет көрсетуге тырыспайды.

Әділет органдарында жылжымайтын мүлік ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен кондоминиум объектілерінің пайызы төмен екені байқалады. Айталық, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің деректері бойынша тіркелген кондоминиум объектілерінің саны 14687 бірлікті құрайды, бұл кондоминиум объектілерінің жалпы санының 8,5 %-ы болады (172164 бірлік).

Коммуналдық инфрақұрылымның жай-күйі
Жылумен жабдықтау

ҚР СА-ның деректері бойынша екі құбырлық деп есептегенде жылу желілерінің жалпы ұзындығы 11,8 мың км немесе оның 3,8 мың км немесе 32,2 %-ы коммуналдық меншікте, 8,0 мың км немесе 67,8 %-ы жеке меншікте. Бұл ретте желілердің жалпы ұзындығының 63 %-ы ауыстыруды және жөндеуді талап етеді.

Жылу желілері қатты тозғандықтан жылу энергиясы ысырабының артуына алып келеді, ол 2010 жылы ҚР СА-ның деректері бойынша 10,6 млн. Гкал немесе босатылған жылу энергиясының жалпы санының 14,2 %-ын құрады.

Жылумен жабдықтау жүйесі есептеу құралдарымен қамтамасыз етудің өте төменгі деңгейімен сипатталады. Сарапшылардың бағалауы бойынша оларға жалпы қажеттілік 45,8 мың бірлікті құрайды, 23,3 мың бірлік есептеу құралы орнатылған. Тиісті деңгейде есепке алу болмағандықтан, жылу энергиясының нақты шығындары мен тұтыну деңгейін анықтау мүмкін емес.

Шамамен жылу энергиясының 30 %-ын қуаты 100 Г кал/сағ. кем шағын қазандықтар өндіреді. Осы жылу көздері шамамен 60 % пайдалы әсер ету коэффициентімен және отынның жоғарғы үлестік шығыстарымен сипатталады, бұл жылына шартты отынның 645 300 тоннасын немесе 1,75 млрд. теңгені артығымен жұмсауға, сондай-ақ қоршаған ортаға қосымша зиянды заттар шығаруға алып келеді.

Электрмен жабдықтау

Электрмен жабдықтау саласында барлық коммуналдық сектордың ішінен жөндеуді талап ететін желілердің үлесі өте жоғары. Айталық, 10/0,4 кВ электр желілерінің жалпы ұзындығы республика бойынша 199,5 мың км құрайды, 73 % немесе 145,6 мың км жөндеуді талап етеді. Бұдан басқа, 10/0,4 кВ трансформаторлық қосалқы станциялар, электр беру желілері, үйдің ішіндегі таратушы қондырғылар мен желілер жөндеуді талап етеді.

Электрмен жабдықтау саласында есептеу құралдарымен қамтамасыз ету деңгейі коммуналдық шаруашылықтың басқа салаларымен салыстырғанда мейлінше жоғары (88,5 %), олардың көпшілігі дәл есептеу сыныбы төмен ескі ү л г і д е .

Жұмыс істеп тұрған электр жабдықтарының (трансформаторлық қосалқы станциялардың, үйдің ішіндегі тарату құрылғыларының, желілердің) технологиялық артта қалуы, сондай-ақ олардың энергетикалық тиімділігінің төмен болуы электр энергиясының техникалық және коммерциялық ысырабына себеп болып табылады, бұл жаңа технологияларды (энергетикалық тиімді жабдықтарды, аспалы оқшауланған сымды, ресурстар мен энергияны есепке алатын автоматтандырылған жүйелерді) жеткілікті қолданбаудың салдары болып т а б ы л а д ы .

Г а з б е н ж а б д ы қ т а у

Газ желілерінің жалпы ұзындығы тұтастай республика бойынша 27,3 мың км болады, соның 33,7 %-ы (9,2 мың км) коммуналдық меншікте, 66,3 %-ы (18,1 км) жеке меншікте. Бұл ретте желілердің жалпы ұзындығының 54 %-ы ауыстыруды және ж ө н д е у д і т а л а п е т е д і .

ҚР СА-ның деректері бойынша 2010 жылы республика бойынша 633 елді мекен табиғи газбен газдандырылды, бұл елді мекендердің жалпы санының 9 %-ы (7152), 15 елді мекен сұйытылған газбен газдандырылды, бұл елді мекендердің жалпы с а н ы н ы ң 0,21 %- ы б о л а д ы .

Газ бөлу жүйелерінің қызметін инспекциялау жүйесі жолға қойылмаған және газ бөлу жүйелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар жү р г і з і л м е й д і .

Көп қабатты (2 қабаттан артық) үйлерде баллондағы сұйытылған газды пайдалану практикасын тездетіп шешу талап етіледі, бұған Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің талаптары бойынша үзілді-кесілді ж о л б е р і л м е й д і .

Негізгі проблемаларды талдау
Коммуналдық инфрақұрылымдағы негізгі проблемалар:
инженерлік желілер мен құрылғылардың қатты тозуы;
ресурстарды тұтынуды есептеу құралдарымен қамтамасыз етудің төмен д е ң г е й д е б о л у ы ;

саланың технологиялық жағынан артта қалуы, оның ішінде инновациялық энергия мен ресурс үнемдеу технологиялары мен іс-шараларын қолдану практикасының әлсіз болуы;

желілер мен құрылғыларды қайта жаңарту жөніндегі жобаларды бюджеттен тыс көздерден қаржыландыру көлемінің жеткіліксіз болуы.

Кейбір қолданыстағы электр желілерінің пайдалану мерзімі 40 жылдан асып кеткен. Желілердің қатты тозуы электр энергиясын берген кезде оның ысырабын арттырады.

Негізгі қорлардың тозуымен қатар нормативтен артық ысырап тиімсіз есепке алумен негізделген коммерциялық ысыраптарға да байланысты.

Көп пәтерлі тұрғын үйлердің негізгі проблемалары: тұрғын үй иелерінің кондоминиум объектісін басқаруда белсенділігінің төмен болуы;

кондоминиум объектілерін басқару органдарының қызметіне пәтер иелерінің қанағаттанбауы;

басқару органдарының қызметінде кондоминиум объектісін басқару және күтіп ұстау функцияларын шоғырландыру; үйге ортақ мүлікті күрделі жөндеуге ақшалай қаражат жинақтау тәжірибесі әлсіз;

кондоминиум объектілерін басқару органдарына ортақ мүлікті күрделі жөндеуге қол жетімді кредит беру тетіктерінің болмауы;

кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін басқару және күтіп ұстау жөніндегі қызметтерге төлемдерді жинау деңгейінің төмен болуы;

тұрғын үй көмегін көрсету тетігін пайдаланудың жеткіліксіз деңгейі; энергия ресурстарын тұтыну деңгейінің жоғары болуы.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

Тұрғын үй-коммуналдық саланы дамыту жөніндегі сыртқы факторларды қарай отырып, онда дүниежүзілік капитал нарығында таяу арада болған дағдарысты, атап айтқанда Қазақстан экономикасына салынатын шетелдік инвестиция көлемінің төмендеуін және шетелдік компаниялардың қазақстандық нарықтан кетуін ескеру қажет.

Өз кезегінде бұрын басталған инвестициялық жобалар бойынша өтінім берілген қаражатты толық алмау тәуекелі, құрылыс-жинақтау жұмыстарының мерзімдерін ұзарту тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамытуға әсер ететін ішкі факторлар болуы мүмкін.

«Ақ бұлақ» бағдарламасы

«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығын және Қазақстан Республикасы Президентінің 2011

жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Жолдауын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 24 мамырдағы № 570 қаулысымен 2011 - 2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ» бағдарламасы бекітілді. Оның мақсаты халықты ауыз сумен және су бұру қызметтерімен қамтамасыз ету болып табылады.

Реттелетін саланы немесе қызмет саласын дамытудың негізгі өлшемдері.

Қалалық жердегі сумен жабдықтаудың жағдайы
Бүгінгі таңда республиканың қалаларында ауыз сумен қамтамасыз ету
пр о б л е м а с ы о р ы н а л у д а .

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің деректері бойынша 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қала халқының орталықтандырылған сумен жабдықталуы 82 %-
д ы к ұ р а й д ы .

Халықты орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелеріне қол жеткізу деңгейі бойынша Қазақстан Республикасы дамыған бұл көрсеткіш 90 - 95 %-ды
қ ұ р а й т ы н е л д е р д е н а р т т а қ а л а д ы .

Республика бойынша қалалардағы су құбыры желілерінің жалпы ұзындығы 27000,3 километрді құрайды, оның ішінде таратушы су құбыры желілері - 18 173,7 километр, бұл ретте, қазіргі уақытта республика бойынша «иесіз» 2 188
к и л о м е т р ж е л і б а р .

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің деректері бойынша су құбырлары желілерінің көпшілігі қанағаттанарлықсыз жағдайда, сенімді пайдаланудың 25 жылдық нормативтік мерзімін ескере отырып, сумен жабдықтаудың 36 % желісі жұмыс істеп тұр, желілердің шамамен 64 %-ын күрделі жөндеу немесе оларды толығымен алмастыру қажет болып отыр.

Негізінен су құбыры желілері 25 - 40 жыл бұрын пайдалануға берілген және ішкі беті қорғалмаған (негізінен, болат және шойын құбырлар). Сондықтан, тат басудың салдарынан су таратқыштар мен су құбыры желілері тез тозып, бұзылады және басылады. Бұл су құбырларының өткізу мүмкіндігін азайтып, авариялар санының артуына, судың ысырап болуына және ауыз су сапасының
н а ш а р л а у ы н а а л ы п к е л е д і .

«Қазақстан Су Арнасы» қауымдастығының деректері бойынша қалалық сумен жабдықтау кәсіпорындарының су теңгеріміндегі нақты комерциялық (нормативтен тыс) ысыраптардың республикадағы орташа деңгейі 15 % бастап 20 %-ға дейін құрайды. Осыған байланысты 2 жылдың ішінде сумен жабдықтау секторында үлкен жұмыс жүргізу - Стратегиялық жоспарда белгіленген индикаторларға қол жеткізу үшін нормативтен тыс ысыраптарды жою, содан кейін нормативтен тыс (коммерциялық) ысырапты 2-3 %-ға азайту қажет.

Ауылдық жердегі сумен жабдықтау жағдайы
2010 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы №
93 қаулысымен бекітілген 2002 - 2010 жылдарға арналған «Ауыз су» салалық
бағдарламасын іске асыру аяқталады.

Бағдарлама шеңберінде барлығы 12935 километр су құбыры мен ауыз сумен
жабдықтау желілері салынды, қайта жаңартылды және күрделі жөнделді.
Халқының саны 3,5 млн. адамнан асатын 3449 елді мекенді ауыз сумен
жа б д ы қ т а у жа қ с а р д ы .

Талдау жасайтын кезеңде тасымалданатын суды пайдаланатын ауыл
халқының саны 6 еседен астам қысқарып, 71,1 мың адамды құрады. Санитарлық
нормаларға сай келмейтін су құбырларының жағдайы 336 бірліктен 133 бірлікке
а з а й д ы .

Бағдарламаны іске асырудағы белгілі бір оң нәтижелерге қарамастан, ауыл
халқын сумен жабдықтау проблемасы осы күнге дейін сақталып келеді.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
деректері бойынша 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ауылдық елді
мекендердің (бұдан әрі - АЕМ) орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол
жеткізуі 13,5 %-ға ғана артып, 42,5 %-ды құрады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
деректері бойынша АЕМ-нің жалпы санынан 6943-тен орталықтандырылған ауыз
сумен жабдықталмағандарына (проблемалы) барлық ауыл халқының 40 %-ын
құрайтын немесе халқының саны 3 млн. адамды құрайтын 3 592 АЕМ жатады.

Жалпы, 2002 - 2010 жылдарға арналған «Ауыз су» бағдарламасын іске асыру
кезінде бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану, су құбырларын сапасыз салу мен
қайта жаңарту, жөндеу-салу жұмыстарын орындау мерзімдерінің бұзылуы және
ауыз судың сапасын қамтамасыз етпеу фактілері орын алған.

Сонымен қатар, 2002 - 2010 жылдарға арналған «Ауыз су» бағдарламасын
іске асыру нәтижелеріне жасалған талдау ауыл халқын ауыз сумен жабдықтау
мәселесінде пайдалану кәсіпорындарының болмауы немесе олардың жеткілікті
дәрежеде материалдық-техникалық жабдықталмауы тежеуші факторлардың бірі
б о л д ы .

Қалалық жердегі су бұру жағдайы

ҚР СА-ның деректері бойынша 2010 жылы қалалық жерлерде желілерінің
жалпы ұзындығы 12455,8 километр болатын 186 су бұру кәсіпорындары бар,
олардың 8712 километрі немесе 70 % жөндеуді қажет етеді.

Су бұру инфрақұрылымына қосылу деңгейінің ауқымы қалаларда өте кең,
Аягөз қаласында - 12 %-дан жоғары, Сәтпаев қаласында - 98 %-ға дейін. Облыс
орталықтарында және Астана мен Алматы қалаларында су бұру жүйелеріне
халықтың 60 - 94 %-ы қосылған. Риддер, Зырянов, Қаратау, Сәтпаев, Жезқазған,

Жаңатас сияқты өнеркәсіптік бағыттағы көптеген қалаларда су бұру жүйесіне қосылу деңгейі жоғары - 90 %-дан асады.

Бұл ретте, суды бұрумен бірге қалалық тұрғын үй қорының жалпы алаңының үлес салмағы республика бойынша орташа 73,4 % құрайды.

39 қала мен кентте тазалау құрылыстары мүлдем жоқ, тиісінше сарқынды судың төгіндісі тазалаусыз жүзеге асырылады.

Тазалаудан ететін сарқынды судың, барлық көлемінің 64 %-ға дейінгісі нормативтік талаптарға дейін жеткізіледі, тазаланбаған қалған 36 %-ы, мәселен Тараз қаласында тікелей сүзгілеу алаңына, Көкшетау, Орал, Петропавл, Қостанай қалаларында жинағыштарға ағызылады.

Көптеген жұмыс істеп тұрған тазалау құрылыстары қазір өзінің пайдалану ресурстарын сарқыған және жөндеуді талап етеді, басқалары - артық жүктемемен жұмыс істейді. Бұл сарқынды суларды тазалау технологияларының жобалық деректеріне сәйкес келмеуіне әкеліп соғады.

Мәселен, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан сияқты облыстардың қалаларында жеткіліксіз тазаланған сулардың пайызы 39-дан 72 %-ға дейін жетіп отыр.

Бұл қолданыстағы тазалау құрылыстарының артық жүктемемен жұмыс істейтінін көрсетеді.

Мұндай тазартылған сарқынды су жинағыштары жиі-жиі өзінің шекті белгілеріне дейін толып, су объектілеріне және елді мекендерге, қоршау бөгеттерінің авариялық жарылу қаупін туғызады.

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың сарқынды суларының едәуір көлемі тікелей өнеркәсіптік сарқынды суларды тазалауға есептелмеген қалалық тазалау құрылыстарына түседі. Соңғы уақытта тұрмыстық сарқынды суларда шетелде өндірілген жуу заттарының сарқынды суы көп болып отыр, оларды тазалау қиын және табиғи ортаға зиянды әсерінің сақталу кезеңі ұзақ әрі тиісінше су көздерін л а с т а й д ы .

Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің деректері бойынша қазіргі уақытта 43 ірі өнеркәсіптік кәсіпорнының сарқынды суы төгінділерінің 50 %-ы қойылған талаптарға сәйкес келмейді, су бұру жүйесіне төгінділердегі зиянды заттардың шоғырлануы шекті жол жіберілетін нормадан асып кетеді. Тұтастай алғанда, республикадағы көптеген елді мекендердің су бұру жүйесінің негізгі қорларының тозуы 40 - 70%-ға, ал кейбіреулерінде 100%-ға дейін жетеді.

Ауылдық жердегі су бұру жағдайы

Статистика агенттігінің деректері бойынша 2009 жылы ауылдық жерлерде жалпы ұзындығы 2075,5 километр болатын, су бұру желісі бар 163 кәсіпорын жұмыс істейді, бұл ретте 1452 километр жөндеуді талап етеді.

Су бұру жүйесі бар ауылдық тұрғын үй қорының жалпы алаңының үлес

салмағы республика бойынша орташа 8,8 %-ды құрайды.

Ауылдық елді мекендердегі сарқынды сулардың барлық көлемінен нормативтік деңгейге дейін 45,4 % тазартылады, қалған 54,6 % тазартылмаған с а р қ ы н д ы с у л а р .

Бұдан бұрын ауылдарда су бұру объектілерінің құрылысына қажетті деңгейде назар аударылмаған, себебі сумен жабдықтау басымдық болып табылған. Су бұру жүйелері аудандық орталықтарда және ірі кенттерде салынған. Ал сарқынды суларды әкімшілік-шаруашылық ғимараттардан, мектеп, аурухана және көп қабатты құрылыстардан ғана бұру жүзеге асырылған.

Қазіргі таңда, ауылдық кенттерде шығарылатын (ассенизациялық) қалдықтарды жоюдың жүйесі басым, кәріздік (ағым) аз пайызбен - 3-5 % ш а м а с ы н д а қ а м т ы л ғ а н .

Сонымен қатар, кенттердің санитарлық жағдайы сумен жабдықтау бойынша алдағы шығындарды есепке ала отырып, су бұрудың орталықтандырылған жүйесінің құрылғыларынсыз қоғамдық және өндірістік объектілерде жергілікті тазалау құрылыстарын, септиктерді жетілдіру жолымен бірінші кезеңде ж а қ с а р т ы л у ы м ү м к і н .

Негізгі проблемаларды талдау.

Сумен жабдықтау желілеріндегі авариялардың саны 2004 жылғы 20 мыңнан 2010 жылы 25,9 мыңға дейін өсті. Авариялардың жыл сайынғы өсімі 4-5%.

Сонымен қатар, тұтынылатын сумен жабдықтау қызметін толық есепке алмау п р о б л е м а с ы б а р .

Көптеген қолданыстағы тазарту құрылыстары өздерінің пайдалану ресурстарын тауысты және ауыстыруды талап етеді. Желілер айтарлықтай тозғандықтан су бұру жүйелерінің авариясы өсіп отыр.

Сумен жабдықтау жүйесіндегі құбырлардағы су сапасын бақылау маңызды проблема болып табылады. Ауыз су сапасын бақылайтын санитарлық-эпидемиологиялық зертханалардың жабдықтары, әсіресе ауылды мекендерде тіптен жаңартылмайды. Қалалық су арналары өз қаражаты есебінен зертханаларын ұстап тұра алса, аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қызметтерде мұндай зертханалар мүлдем жоқ немесе уақыт талабын қанағаттандырмайды, тікелей су өткізу жүйесіндегі су сапасының автоматтандырылған үздіксіз бақылау құралдары мүлдем қолданбайды.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

Су шаруашылығы секторын дамыту жөніндегі сыртқы факторларды қарай отырып, онда дүниежүзілік капитал нарығында таяу арада болған дағдарысты, атап айтқанда Қазақстан экономикасына тартылатын шетелдік инвестиция көлемінің төмендеуін және шетелдік компаниялардың қазақстандық нарықтан к е т у і н е с к е р у қ а ж е т .

Өз кезегінде бұрын басталған инвестициялық жобалар бойынша өтім берілген қаражатты толық алмау тәуекелі, құрылыс-жинақтау жұмыстарының мерзімдерін ұзарту су шаруашылығы секторын дамытуға әсер ететін ішкі ф а к т о р л а р б о л у ы м ү м к і н .

Коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу.

Реттелетін саланы немесе қызмет саласын дамытудың негізгі өлшемдері.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу жүйесін дамыту жөнінде ұйымдастыру-құқықтық шаралар кешенін қабылдауға қатысты Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 қаңтардағы кеңейтілген мәжілісінде берген тапсырмасын орындау үшін Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасында қалдықтарды басқару жүйесін дамыту жөніндегі бірінші кезектегі іс-шаралар жоспары ә з і р л е н д і .

Қазақстанда жиналған қатты тұрмыстық қалдықтардың (бұдан әрі – ҚТҚ) жалпы көлемі 100 млн. тоннаны құрайды. Жыл сайын шамамен 4 – 5 млн. тонна ҚТҚ жиналады. 2011 жылы жиналған ҚТҚ көлемі 2007 жылмен салыстырғанда 1,2 есе өсті және халық саны мен әл-ауқатының өсуіне байланысты оның көлемі а р т ы п о т ы р а д ы .

Талдаудан бүгінгі күні ҚТҚ-ның шамамен 5 %-ы ғана кәдеге жаратылатынын немесе өртелетінін көруге болады (Алматы облысы, Алматы және Астана қалалары). Қалғандары полигондарда орналастырылады, бұл ретте оның құрамындағы пайдалы компоненттердің 50 – 80% жойылып кетеді.

Негізгі проблемаларды талдау.

Өндірістік қалдықтармен жұмыс істеу және тұтыну проблемалары қазіргі заманғы ең өзекті әлеуметтік-экономикалық-экологиялық проблема болып т а б ы л а д ы .

Бүгінгі күні ҚТҚ пайда болу және жиналу көлемінің ұлғаю мәселесі, сондай-ақ коммуналдық қалдықтарды бөлек жинаудың, кәдеге жаратудың және қайта өңдеудің ағымдағы жай-күйі; әлеуетті қайталама материалдық ресурстар болып табылатын ҚТҚ-ты қайта өңдеу бойынша технологиялардың жеткіліксіз енгізілуі өте маңызды проблема болып отыр, елді мекендердің едәуір бөлігінде қалдықтарды жинау жүйелері жоқ; аз-қалдықсыз технологиялар енгізу, ҚТҚ қайта өңдейтін өндіріс енгізу бойынша табиғатты пайдаланушыларды ынталандырудың нақты және пәрменді тетіктері жоқ.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

ҚТҚ секторын дамыту бойынша сыртқы факторларды қараған кезде халықаралық қаржы институттарының осы секторға қызығушылығын ескеру, сондай-ақ капиталдың дүниежүзілік нарығында болған дағдарысты, атап айтқанда Қазақстанның экономикасына шетелдік инвестиция көлемінің

төмендеуін және шетелдік компаниялардың қазақстандық нарықтан кетуін
е с к е р у қ а ж е т .

Бірінші кезектегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде Еуропа Қайта құру және Даму Банкімен ҚТҚ секторында өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандум жасалды. Осы Меморандумның шеңберінде қалдықтарды бөлек жинауды енгізе отырып, ҚТҚ өңдеу және кәдеге жарату жүйесін дамыту жөніндегі Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау шеңберінде қалалар бойынша ҚТҚ басқару жүйесін жаңғырту жобаларына инвестициялық негіздемелер әзірлеу және жалпы республика бойынша ҚТҚ басқару жүйесін дамыту стратегиясы бойынша жұмыстар басталды.

Бұл ретте, ҚТҚ секторын дамытуды қаржыландыру тетіктерінің және нақты әр қала немесе өңір үшін қалдықтарды өңдеу кезінде мемлекет пен жеке сектордың өзара іс-қимылын ұйымдастыру схемасының әртүрлі нұсқалары қаралатын болады, бұл ішкі фактор болып табылатын, ҚТҚ секторын дамытуға әсер ететін осы секторды қаржыландыру проблемасын шешетін болады.

3-стратегиялық бағыт. «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласын ж е т і л д і р у » .

Ескерту. 3-стратегиялық бағыт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 № 1793 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Н о р м а т и в т і к - т е х н и к а л ы қ б а з а .

Реттелетін саланы немесе қызмет саласын дамытудың негізгі өлшемдері.

Бәсекеге қабілеттілікті арттыру, сондай-ақ құрылыс саласын және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын дамыту үшін жағдай жасауда қазіргі ғылыми жетістіктер мен техникалық жағынан дамыған елдердің оң тәжірибесіне негізделген сәулет, қала құрылысы, құрылыс қызметі және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында мемлекеттік нормативтік құжаттар әзірлеуді (қайта өңдеуді) және қолданысқа енгізуді ұйымдастыруда аса маңызды р ө л а т қ а р а д ы .

Бүгінгі таңда сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында 2456 құжат қолданылып жүр, оның ішінде жобалау мен құрылысқа арналған негізін құрайтын құжаттар – 679, баға жасау және смета бойынша – 587, стандарттар – 824, б а с қ а қ ұ ж а т т а р – 366.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы шамамен 258 нормативтік-техникалық құжаттармен реттеледі.

Агенттік төрағасының бұйрығымен (2011 жылғы 17 мамырдағы № 178) ұлттық қосымшалары бар, 52-бөлімнен тұратын, Еурокодтармен бірдей, оларды қолдану жөніндегі нұсқаулығы бар 9 Еурокод бекітілді және 2011 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.

2011 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасында Еурокодтар

қолданылады. Бұл еліміздің аумағында инвестициялық жобаларды іске асырған кезде озық технологиялар мен инновацияларды пайдалануды, сондай-ақ техникалық кедергілерді жоюды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2011 – 2013 жылдардың ішінде жана ҚР СН EN (еурокодтармен үйлестірілген Қазақстан Республикасының құрылыс нормативтері) дамыту үшін ғимараттар мен құрылыстардың құрылыс конструкцияларын есептеу және жобалау бойынша қағидалар жинақтары мен нормативтік құралдарды әзірлеу жоспарланып отыр.

Еурокодтармен бірге қолданылатын халықаралық стандарттарды (ISO, EN), сондай-ақ отандық стандарттарды үйлестіру жүргізілетін болады. Сәйкестікті бағалау жүйесі мен бақылау және қадағалау жүйесін реформалау бір мезгілде жүргізіледі.

Әзірленген ҚР СН EN практикада сынақтан өткізу мақсатында Агенттік «СК «Базис» консорциумымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, Астана қаласында тұрғын үйді жобалау және салу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру туралы келісімге қол қойды.

Негізгі проблемаларды талдау.

Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа интеграциясы жолындағы елеулі кедергілерінің бірі нормативтік база, бақылау және қадағалау жүйесі, сондай-ақ сәйкестікті бағалау кіретін құрылыс саласын техникалық реттеудің ескірген және тиімсіз жүйесі болып табылады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының құрылыс саласын техникалық реттеудің барлық жүйесін түбегейлі қайта қарау қажет.

Жүргізіліп жатқан реформада құрылыстың қазіргі заманғы әлемдік практикасында жаңа технологияларды тиімді енгізу үшін кедергі деп танылған нормативтік реттеудің ұйғарылған әдісінен инновациялар мен эксперименттерді қолдану негізінде баламалы шешімдерді нормативтік қолдануды көздейтін нормалаудың прогрессивті параметрлік әдісіне кезең-кезеңімен өтуді жүзеге асыру қажет.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласының қолданыстағы нормативтік базасы 1970-1990-ыншы жылдары әзірленген және коммуналдық саланың объектілерін пайдалану мен басқарудың қазіргі заманғы талаптарына сай келмейді, сондай-ақ коммуналдық қызмет көрсету нарығына барлық қатысушылардың құқықтық қатынастарын нашар реттейді.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық секторын технологиялық дамыту, ресурстарды үнемдейтін технологияларды енгізу және салыстырма шығындарды азайту үшін қазіргі заманғы нормативтік база құру және коммуналдық сала кәсіпорындарының қызметін реттейтін, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін басқару және пайдалану нормативтерін мерзімді түрде қайта қарау қажет.

Жаңа технологияларды, материалдар мен жабдықтарды Қазақстанға белсенді енгізу оларды нормативтік құжаттарда, оның ішінде құрылыс (қайта жаңарту) жобаларын әзірлеуде қолданылатын сметалық-нормативтік базада көрсету қажеттілігіне алып келді. Құрылыс жұмыстарының көлемі өсіп отырған және құрылыстың сапасын арттыру қажеттілігі жағдайында Қазақстанда үлгі технологиялық карта жүйесінің болуы ең өзекті міндет болып отыр.

Жаңа технологиялар және құрылыс материалдары мен конструкциялары әзірленген және енгізілген жағдайда объектілерді (ғимараттарды, инженерлік желілерді, көлік құрылыстарын және т.б.) салған кезде өте жиі пайдаланылатын құрылыс өндірісінің түрлері бойынша технологиялық карта әзірлеу талап етіліп
о т ы р .

Технологиялық карталар мынадай міндеттерді шешуге арналған:
еңбек өнімділігін және құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасын арттыруға ықпал ететін құрылыс-монтаж жұмыстарын ұйымдастыру, технологиясы және тетіктері бойынша құрылысты ұтымды шешімдермен қамтамасыз ету;
еңбекті және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтай отырып,
құрылыстың құнын төмендету;

орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасын тапсырыс берушілердің, бас мердігерлердің және қадағалау органдарының бақылауы;
құрылысты ұйымдастыру жобасын, жұмыс жүргізу жобасын әзірлеген кезде п а й д а л а н у ;

құрылыс бойынша жоғарғы оқу орындарындағы және техникумдардағы оқу процесінде жұмысшыларды оқыту және біліктілігін арттыру.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс пен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында нормативтік базаның техникалық деңгейіне ықпал ететін негізгі сыртқы факторлар жаңа құрылыс материалдары мен бұйымдарының, құрылыс өндірісінің технологиялары мен әдістері және озық жобалау шешімдерінің пайда болуы себепші болатын ғылымды, техника мен технологияны дамыту болып табылады.

Нормативтік-сметалық база.

Құрылыс өнімінің сметалық құнын қалыптастыру - нарықтың барлық шарттары мен талаптарын көрсетуге тиіс құрылыс кешенінің барлық қатысушылары үшін экономикалық қатынастардың негізгі элементі болып т а б ы л а д ы .

Құрылыс өнімінің баға белгілеу жүйесінің негізгі элементі сметалық-нормативтік база болып табылады.

1991 жылға дейін экономиканы көтерме бағалар мен тарифтерге, оның ішінде құрылыстағы жаңа сметалық нормалар мен бағаларға жоспарлы көшіру жүзеге

асырылды. Құрылыстың жаңа сметалық нормалар мен бағаларға көшуі 1956, 1969, 1984 және 1991 жылдары жүзеге асырылды. Әр жағдайда құрылыстың орташа бағасы шамамен 20 %-ға өсіп отырды.

1991 жыл ішінде құрылыстағы нақты баға 2 - 2,5 есеге есті. 1992 және 1993 жылдары инфляцияның бірінші, ең үлкен толқыны келді. Бұл жылдары құрылыстағы бағалардың орташа өсуі бір ай ішінде 28 %-ды құрады. Бағалардың салыстырмалы түрде тұрақтануы 1997 - 1998 жылдары болды.

Бюджеттік бағдарламалар шеңберінде Қазақстанда алғаш рет 2001 жылғы баға деңгейінде, бюджеттік инвестициялар есебінен құрылыс құнын қалыптастыруға арналған 561 нормативтік-техникалық құжат санында өз сметалық-нормативтік базасы әзірленді. Материалдарға, бұйымдар мен конструкцияларға базалық баға негізі ретінде Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері қабылданды.

Ағымдағы бағалардың базалық деңгейін қайта есептеу үшін республикалық бюджетпен жыл сайын белгіленетін айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК) қолданылады. Базалық деңгейді қайта есептеу үшін АЕК-ні қолдану құрылыс үдерісінің түпкі өніміне белгіленген баға негізсіз өсуін кідіртеді деп болжанған болатын. Уақыт көрсетіп отырғандай, АЕК-ны қолдану құрылыс саласындағы ахуалды толық нақты көрсете алмайды.

2001 жылғы баға деңгейіндегі сметалық-нормативтік базаның қолданылуы кезеңінде Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалары өзгерді:

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2008 жылғы 7 сәуірдегі № 91-ІІ бұйрығымен бекітілген Құрылыс мамандықтары бойынша жұмыстар мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА-ның 3, 4-шығарылымдары);

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі; «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексі.

Темір жол тарифтерінің қымбаттауы, электр тасығыштарға, делдалдық қызметтерге бағалардың өсуі, уақтылы қаржыландырмау 2007-2008 жылдары құрылыстағы қымбатшылыққа алып келді.

Бұдан басқа, материалдардың құны бойынша статистикалық деректер нарықтағы нақты бағалардан едәуір ерекшеленеді және бұл құрылыс фирмаларының дәл емес және бұрмаланған статистикалық есептерінің нәтижесі болуы мүмкін.

Құрылыс құны құрылыс-жинақтау жұмыстары көлемінде үлесі шамамен 60%-ды құрайтын белгілі бір дәрежеде материалдық ресурстардың құнына тәуелді екенін ескере отырып, ресурстарға арналған бағалардың шынайы деңгейі мен

мониторингін қалыптастыру қажет. Бұл үшін, басқа елдердің тәжірибесі бойынша, аумақтық белгілері бойынша, яғни облыстар бойынша өңірлік баға белгілеу орталықтарын құру орынды.

Қазіргі уақытта қолданыстағы 2001 жылғы сметалық-жобалау базасын жетілдіру тәжірибесі техникалық реттеу мен мемлекеттік нормалау жүйесінің халықаралық стандарттарға сәйкес келмеуі мен ескірген баға белгілеу қағидаттарын сақтайтын болады.

Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру шеңберінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 2010 – 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспарына сәйкес құрылыста баға белгілеу жүйесін жетілдіру және жаңа сметалық-нормативтік базаны әзірлеу қажеттілігі анықталған.

2012 жылғы 1 қаңтардан бастап Беларусь Республикасындағы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясындағы техникалық реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісім күшіне енуіне байланысты Агенттіктің басты міндеттерінің бірі бұл бүгінгі күні ұлттық деңгейде қолданылып жатқан құрылыста техникалық реттеу қағидаттарын сақтау және дамыту, Қазақстанның құқықтық жүйесінің өзіндік ерекшелігін ескере отырып, құрылыс нормалары мен ережелер жинақтарына өзекті сипат беру және экономикалық жағынан дамыған елдердің осындай жүйелерімен үйлестіру болып табылады.

Құрылыста мемлекетаралық нормативтік-техникалық базаны жетілдіру барысында Агенттікке Қазақстан Республикасында құрылысты техникалық реттеудің ерекшеліктерін ескеретін құрылыс нормалары мен ережелерін және сапаны арттыру мен жоғары технологиялық деңгейді, құрылыс объектілерінің тиімді және қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекетаралық нормативтерді әлеуметтендіру және әзірлеу бойынша кең ауқыма жұмыс жүргізу қажет.

Осыған байланысты 2012 – 2014 жылдары құрылыс нормалары мен ережелер жинақтарын қоса алғанда, бірқатар техникалық регламенттер мен нормативтік-техникалық құжаттар әзірлеу және қабылдау көзделген. Құрылыс саласын техникалық реттеу жүйесін реформалау баға белгілеу жүйесін жетілдірумен қатар жүреді, ол ресурстық әдіс негізінде құрылыстың ағымдағы бағаларында құрылыс объектілерінің құнын анықтауға көшіруді көздейді.

Ғимараттар мен құрылыстардың көлем-жоспарлық, техникалық және конструктивтік шешімдеріне қойылатын жаңа талаптар енгізу құрылыс объектілері құнының ресурстық бөлігінің өзгеруін, ең алдымен материалдарды қажетсірудің және еңбек шығындарының көрсеткіштерін айқындайды.

Материалдық және еңбек ресурстарының шығыстары көрсеткіштерінің өзгеруі өз кезегінде құрылысқа, құрылыс-монтаж жұмыстарына арналған элементтік және ірілендірілген сметалық нормалар мен бағаларға, жабдықтар мен керек-жарақтарға арналған шығындардың сметалық нормаларының жинақтарына, ғимараттар мен құрылыстарды салу құнының ірілендірілген көрсеткіштеріне және құрылыс саласында баға белгілеу жөніндегі басқа да мемлекеттік нормативтерге тиісті өзгерістер енгізу қажеттілігіне алып келеді.

Сонымен, құрылыстағы баға белгілеуді реформалау құрылыс саласын техникалық реттеу жүйесін реформалау шеңберінде жүргізілуге тиіс және мерзімі бойынша одан бұрын аяқталмауға тиіс.

Жаңа сметалық-нормативтік базаға көшу мақсатында Агенттіктің Ғылыми-техникалық кеңесі 2010 жылы 89 бірлік, 2011 жылы – 106 бірлік норматив әзірлеп (өңделген) бекітті. 2012 жылы 85 бірлік норматив әзірлеу (өңдеу) ж о с п а р л а п о т ы р .

2011 – 2015 жылдар кезеңіне арналған жоспарда жаңа сметалық-нормативтік базаны әзірлеу жөніндегі жұмыстарды жалғастыру үшін ағымдағы бағаларда құрылыс үшін жобалау, құрылыс-жинақтау, іске қосу-жөндеу және басқа жұмыстардың құнын анықтауға өз кезегімен көшуге қажетті жалпы саны – 71 жинақ, оның ішінде 2013 жылы – 31 жинақ, 2014 жылы – 24 жинақ, 2015 жылы – 16 жинақ нормативтік-техникалық құжаттар әзірлеу (өңдеу) көзделген.

Жаңа сметалық-нормативтік базаны әзірлеу және енгізу салдарынан күтілетін нәтижелер және елдің экономикасына жалпы әсер етуі мынадай нәтижелерге қол ж е т к і з у д е қ а м т ы л ғ а н :

1) құрылыста ағымдағы бағаларға көшу құрылыс құнын анықтаудың дұрыстылығын арттыруға, инвестициялық жобаларды іске асыру ұзақтығын қысқартуды қамтамасыз етуге, сонымен оларды іске асыру барысында тапсырысшылар мен мердігерлердің тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік береді;

2) инвестициялық үдеріске барлық қатысушылардың жауапкершілігін нақты бөлуге және арттыруға: басқару сапасын арттыруға, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында қадағалау жүргізу мен бақылауды жүзеге асыруды жеңілдетуге мүмкіндік береді;

3) төтенше жағдайлардың немесе дүлей апаттардың салдарын жою үшін келтірілген залалдарды бағалау мен шығындарды анықтауды жеделдетуге мүмкіндік б е р е д і .

Жаңа сметалық-нормативтік базаны әзірлеу және енгізу өңірлерде қалыптасқан өндірістік ресурстар нарығын ескере отырып, шығындарды ең ұтымды жоспарлауға мүмкіндік туғызады, сметалық құжаттаманы әзірлеуді және сараптама жүргізуді жеңілдетеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында көтерілетін құрылыс объектілері бойынша инвестициялық және

пайдалану шығыстарын болжамдауға жағдай туғызады.

Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер.

Реттелетін саланы немесе қызмет саласын дамытудың негізгі өлшемдері.

Кедендік Одақ шеңберінде Қазақстанның әлемдік экономикаға, ал болашақта Дүниежүзілік сауда ұйымына ықпалдасу үдерісі отандық техникалық реттеу жүйесін (нормалар, қағидалар мен стандарттар) түбегейлі жаңартуды, оны халықаралық нормалармен үйлестіруді талап етеді. Құрылыс және ТҚШ саласында техникалық нормативтерді қайта қараудың негізін қолданбалы ғылыми зерттеулердің нәтижелері құрайды.

Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаға сәйкес құрылыс кешенінде тұрғын үй құрылысын, құрылыс индустриясын және құрылыс материалдары өндірісін дамыту жөнінде жүйелі шаралар белгіленген. Негізгі фактордың біреуі қазіргі заманғы индустриялық, сенімділік, жайлылық, ресурс және энергия тиімділік талаптарына сай келетін сәулет-құрылыс жүйесін таңдау болып табылады. Бұл ретте, осы мәселенің оңтайлы шешімі, сондай-ақ, жергілікті климаттық, гидрогеологиялық (сейсмикалық, топырақ ерекшеліктері, атмосфералық, әсіресе жел әсері) жағдайларына байланысты болады. Мысалы, техникалық жағынан күрделі объектілерді, оның ішінде көп қабатты ғимараттарды жобалау кезінде инженерлік-геологиялық және гидрогеологиялық жағдайлардың ықтимал өзгерістерін болжап, геофизикалық зерттеулер мен егжей-тегжейлі инженерлік-геологиялық іздеулер жүргізуді ескеріп, мұқият негіздемелер әзірлеу, сондай-ақ сенімді іргетас салу қажет. Алайда, Қазақстанда іргетас құрылысы жөнінде ғылыми орталықтардың дамымауы әртүрлі топырақ жағдайындағы негіздерде, оның ішінде шөкпе және үйілгей топырақта, су басатын аумақтардың маңындағы көп қабатты ғимараттардың іргетасын салу жөнінде сенімді жобалау шешімдер бермейді және мұнда жаңа есептеу әдісін әзірлей отырып, күрделі инженерлік-геологиялық жағдайларда ғимараттар мен құрылыстардың негіздерін қолданылатын сорғыту схемаларын оңтайландыру жөнінде ғылыми әзірлемелердің маңызы зор.

Елімізде халық жиі орналасқан өңірлердің көптеген бөлігінде қатты жер сілкінісінің қаупінің болуы, сейсмикалық төзімді құрылыс саласында зерттеулерді қарқынды етуді талап етеді. Сейсмикалық аудандарда қолданылатын құрылыс материалдары нарығын кеңейту нормативтік құжаттаманың талаптарын шұғыл жетілдіруді талап етеді. Мұндай жетілдіру ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша ғана мүмкін.

Осы бағыттағы ең қызықты бағыттар деп өте берік бетондарды, бетонды және темір-бетонды конструкцияларды таттанудан қорғау құралдарын, температураға

төзімді және жылу оқшаулағыш бетондарды жасау саласындағы көп жоспарлы зерттеулерді, сондай-ақ, ультрадисперсті және макромолекулярлы құрамдас бөліктерді пайдаланып, түрлендірілген қоспаларды әзірлеу және қолдану жөніндегі көп жоспарлы зерттеулерді айтуға болады.

Сейсмикалық төзімді құрылыстың проблемаларын ғылыми шешумен қатар перспективалық дамуды болжау үшін қалалық елді мекендер мен олардың қала маңы аймақтарының кеңістік өзара байланыс үдерісін, нарық сұранысына бейімдеумен жаппай тұрғын үй құрылысы үшін икемді көлемдік-жоспарлы және сындарлы модульді жүйені зерттеу жөніндегі ғылыми әзірлемелерге байланысты мәселелер де маңызды.

ТКШ бойынша тұрғын үй қорының, инженерлік жүйелер мен коммуникациялардың тұрақты және үздіксіз қызмет етуін қамтамасыз ететін тұрғын үй-коммуналдық секторындағы технологиялық артта қалуды жоюға бағытталған техника мен технологиялық шешімдерді жетілдіру үшін ғылыми негіздер әзірлеу қажеттілігі бар, бұл сайып келгенде ТКШ инвестициялық тартымдылықты арттырады.

Технологиялық артта қалуды жою мақсатында инженерлік желілерді қайта жаңарту мен олардың жұмыс тиімділігін арттыру мәселелерінде тұрғын үй-коммуналдық салада энергия және ресурс үнемдейтін технологияларды кеңінен пайдалану, сондай-ақ тиімді, экологиялық таза құрылыс материалдарының, бұйымдар мен конструкциялардың жаңа түрлерін, оларды шығару үшін озық технологиялар мен жабдықтарды әзірлеу және енгізу қажет.

Энергия және ресурс үнемдеу технологиялары - отын мен басқа энергия көзін, сондай-ақ шикізатты, материалды, ауаны, суды және өзге ресурстарды технологиялық мақсатта барынша аз пайдаланып, өнім шығаруды қамтамасыз ететін технология.

Мұндай технологиялар қайталама ресурстарды пайдалануға, қалдықтарды жоюға, сондай-ақ энергияны, сумен жабдықтаудың тұйықталған жүйесін рекуперациялауға және т.б. мүмкіндік береді. Табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға эмиссияны (ластаушы заттарды төгу, шығару, қоршаған ортада өндіріс қалдықтарын орналастыру және тұтыну, зиянды физикалық әсер) төмендетуге мүмкіндік туғызады.

Осындай зерттеулердің негізінде құрылыс және ТКШ саласында параметрлік құрылысты нормалау әдістемесін, сондай-ақ, шығындар мен тұтынудың және өндірістік ысыраптың нормаларын әзірлей және енгізе отырып, ұлттық нормативтерді жетілдіру қажет.

Құрылыс саласын техникалық реттеу жүйесін реформалауды ғылыми қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне ведомстволық бағыныстағы

ғылыми құрылымдар айқындалатын болады және күшейтіледі.

Саланы ғылыми-техникалық дамыту мақсатында құрылыс саласындағы жаңа технологияларды әзірлеуге бағытталған ғылыми зерттеулерді дамыту қамтамасыз етілетін болады.

Негізгі проблемаларды талдау.

Ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды одан әрі азайту немесе тоқтату құрылыс тиімділігін төмендетуге әкеп соғады, бұл сапалы және сенімді өнімді пайдалануда халық пен қоғамның құқығын бұзуға алып келеді.

Қазақстанның сейсмикалық аудандары алаңдары бойынша 475 мың шаршы км, бұл республиканың жалпы алаңының 18 % құрайды. Сейсмикалық аудандарда тұратын халық саны 6000 мыңға жуық немесе Қазақстан халқының жалпы санының 38 %-ын құрайды.

Қазақстанның сейсмикалық аудандарында жалпы тұрғын үй қорының 37 %-ы орналасқан, шамамен 28 %-ы өнеркәсіптің өндірістік қоры және 29 %-ы ауыл шаруашылығының өндірістік қоры шоғырланған. Сейсмикалық белсенділігі жоғары аудандарда Қазақстан Республикасының Алматы, Өскемен, Тараз, Шымкент, Талдықорған, Риддер сияқты ірі мәдениет және өндірістік орталықтары орналасқан және Қазақстанның Батысында да техногендік жер сілкінісі болуы ықтимал.

Сейсмикалық төзімді құрылыс саласында ғылыми зерттеулерді тоқтату адам өміріне қауіпті жоғарылатады.

Бұдан басқа, табиғи ресурстар мен өндірістік кәсіпорындардың қалдықтары шаруашылық айналымына тартылмай қалады.

ТКШ-тің қазіргі заманғы жағдайы басқаруда дағдарыстың бар екенін растайды, оған ресурстар ысырабының деңгейі жоғары, негізгі құралдардың жоғары апаттылығы, технологиялық артта қалушылық және ескірген нормативтік-техникалық база тән. Осыған орай, ТКШ-ті жаңғырту жағдайында озық инновациялық технологияларды тұрақты әзірлеу және енгізу саясатын іске қосу қажет, талдамалық, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (бұдан әрі - ҒЗТКЖ) жүргізбейінше бұл мүмкін емес.

Мысалы, зерттеулердің көкейкесті бағыттары жылу және электр энергиясы өндірісінің қазіргі заманғы технологияларын қолдану, жаңа энергия қондырғыларының, құрылымдық және жылу оқшаулағыш материалдардың базасында тарату және пайдалану, құрылыс құрылымы мен сапасын өзгерту және тұрғын үй қоры мен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жаңғырту (жөндеу) болып табылады.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімді болашағында, сөзсіз, сәулет, қала құрылысы және құрылыс пен ТКШ саласындағы іргелі және

қолданбалы зерттеулер адамның тіршілігінде жайлы және қауіпсіз орта құруға мүмкіндік беретін ғылымды қажетсінетін технологиялардың көздері болып табылады.

Қалалық және ауылдық елді мекендерінде орнықты даму қағидаттарын қолдану басым шетел мемлекеттерінің тәжірибесі сәулет, қала құрылысы және құрылыс пен ТКШ саласында инновациялық технологиялар әзірлеу процесінде ұлттық институттар мен өзге ғылыми ұйымдарды белсенді тартқаны туралы куәландырады. Біріншіден, бұл ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құрылыстың жоғары мәдениетіне қол жеткізу тұрғысынан пайдалы.

Зерттеулер жаңа ғылыми әзірлемелер мен технологияларды енгізу үшін жағдай жасау арқылы құрылыс секторы мен ТКШ тиімділігін арттыруды растайды, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсерін тигізеді және мынадай бірқатар маңызды аспектілер бойынша елеулі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

азаматтық және өндірістік объектілерді жобалау және салу мерзімдерін кеміту;

жобалау, құрылыс және пайдалану шығындарын төмендету;
энергетикалық және материалдық ресурстарды үнемдеу;
құрылыс ақауларын азайту;
ғимараттар мен құрылыстардың тозуға төзімділігін арттыру;
жарақаттылық пен науқастануды азайту;
қалдықтарды және қоршаған ортаны ластауды төмендету;
ғимараттар мен құрылыстарды өмір сүруге, еңбек етуге және дем алуға пайдаланатын адамдардың жайлылық пен өнімділік деңгейлерін арттыру;
тұрғын үй-коммуналдық секторда технологиялық артта қалушылықты жою;
тұрғын үй қорының, инженерлік жүйелер мен коммуникациялардың тұрақты және үздіксіз қызмет етуін қамтамасыз ету;
ТКШ-ға инвестициялық тартымдылықты арттыру.

Сәулет-құрылыс бақылауы.

Реттелетін саланы немесе қызмет саласын дамытудың негізгі өлшемдері.

Құрылыс заңнамасының сақталуын қадағалау және бақылау саласында озық халықаралық тәжірибеге сәйкес жергілікті қадағалау-бақылау органдарының мамандарын міндетті кезеңдік аттестаттауды жетілдіру болжамдалып отыр. Аттестаттаудың мақсаты Қазақстанның барлық аумағында жаппай қадағалау-бақылау қызметінің жоғары сапасын қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл қызметкерлердің жоғары кәсіби біліктілігі мен жеке жауапкершілігін қамтамасыз етеді және қадағалау мен бақылау жүйесінің негізі болуға тиіс.

Мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарына қосымша сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы сарапшыларды (техникалық қадағалау,

жобаларды сараптау, ғимараттар мен құрылыстардың тұрақтылығы мен сенімділігін бағалау жөніндегі сарапшылар) аттестаттаудан өткізу көзделіп отыр, оларға мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне қолданылатын аттестаттау қағидалары қолданылатын болады.

Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын нығайту мақсатында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Заңға ұсыныстар енгізілді.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен еткен Үкіметтің кеңейтілген отырысының 2011 жылғы 17 сәуірдегі № 01-7.4 хаттамасының 19.1-тармағын орындау үшін «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 10 тамыздағы № 136 Жарлығына қол қойылды.

Негізгі проблемаларды талдау.

2005 жылдан бастап бұрын сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асыратын мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен лицензиялаудың бақылау функцияларының негізгі бөлігі жергілікті атқарушы органдарға берілді.

Лицензиардың функцияларын республикалық деңгейден облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың деңгейіне беру лицензиялау жүйесінде бірыңғай саясаттың болмауына алып келді. Жекелеген өңірлерде лицензиялау жүйесі арқылы құрылыс саласына біліктілігі жоқ әрі міндетін адал орындамайтын жобалау және құрылыс ұйымдары тартылып жатыр.

Көрсетілген мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы жүйесін әлсіретті, бұл сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы заңнаманы бұзушылықтың өсуіне және жергілікті маңызы бар объектілерде сапаның төмендеуіне әкеп соқты.

Жоғарыда көрсетілген проблемаларды шешу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы қабылданған Жарлық (бұдан әрі - Жарлық) Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау мәселелері жөніндегі функциялары мен өкілеттіктерін беруді көздейді.

Қазіргі уақытта аталған Жарлықты іске асыру үшін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және сәйкестендіру жөніндегі жұмыстар жүргізілуде.

Құрылыс өнімдерінің (объектілерінің) қауіпсіздігі мен сапасы:

- 1) техникалық регламенттерде және құрылыс өнімдеріне арналған

стандарттау жөніндегі қолданыстағы нормативтік құжаттарда белгіленген қауіпсіздік талаптарын сақтау;

2) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерін лицензиялау және мамандарды аттестаттау;

3) құрылыстағы инвестициялардың негіздемесіне сараптама жүргізу және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамалары;

4) сәулет-құрылыс бақылауы, техникалық және авторлық қадағалау;

5) жобалау мен құрылыста пайдаланылатын өнімдерді стандарттау;

б) құрылысы аяқталған объектілерді пайдалануға беру мен қабылдап алуды ұйымдастыру;

7) құрылыс техникасы мен технологиясын жетілдіру;

8) жер сілкіну қаупі бар аймақтар объектілеріне паспорттар беру;

9) пайдаланылып отырған не құрылысы тоқтатылған және өзге де құрылысы аяқталмаған объектілердің жай-күйін тексеру мен байқау, нормативтік сипаттамаларды қамтамасыз ету мақсатында араласу арқылы қамтамасыз етіледі.

Құрылысты салудың (тоқтатып қоюдың) бүкіл кезеңі мен объектілердің қызмет (пайдалану) мерзімі ішінде меншік иелері (тапсырысшылар, иеленушілер, жалдаушылар, жалға алушылар) олардың сапасының мынадай негізгі сипаттамаларын:

1) жұмыс жүргізу мен күтіп ұстауды қоса алғанда, тұрғызу және пайдалану кезіндегі қауіпсіздігін;

2) еңбекті қорғау талаптарына сәйкестігін;

3) жұмыс істеуінің тұрақтылығы мен сенімділігін;

4) экологиялық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті.

Аумақтық жоспарлау және елді мекендердің қала құрылысын дамыту.

Реттелетін саланы дамытудың негізгі өлшемдері.

Қазақстан Республикасында аумақты оңтайлы ұйымдастыру және өндірістік күштерді орналастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өңірлік схемалар әзірлеу және іске асыру мақсатында басты қала құрылысы құжаты – Бас схема әзірлеу қажет.

Бас схема елімізді перспективалық аумақтық ұйымдастырудың стратегиялық мәселелерін қарайды және адамның мекендейтін және тіршілік ететін толымды ортасын қалыптастыру мақсатында елді мекендер мен қонысаралық аумақтарды тұрақты дамытуға қамтамасыз етуге бағытталған шараларды белгілейді.

2010 жылы Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың Бас схемасын әзірлеу тұжырымдамасы әзірленді.

2011 жылы Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың Бас схемасын әзірлеу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес талдамалық кезең әзірленді. 2012 жылы жобалау кезеңі бойынша жұмыс басталды. 2013 жылы

жобалау шешімдерін әзірлеу және негізгі ережелерді бекіту көзделген.

Бас схеманы іске асыру мониторингі, ақпараттық деректерді жандандыру ақпарат көзі жаңартылған кезде тұрақты жүзеге асырылуға тиіс. Жобалық ұсыныстарға және негізгі ережелерге өзгерістер енгізу бес жылдан кейін, Бас схеманы түзету әрбір он жыл сайын жүзеге асырылуға тиіс.

Сонымен бірге, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бас жоспарлар бекітілген Бас схемаға сәйкес әзірленуге тиіс.

Соңғы жылдардың ішінде бас жоспарларды әзірлеуді қамтамасыз ету және бекіту жөнінде айтарлықтай жұмыс жасалды. Сонымен, 2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Астана, Алматы қалалары және 14 облыс орталығы бас жоспарлармен қамтамасыз етілген.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын құру қажет.

2012 жылы республикалық деңгейде мемлекеттік қала құрылыс кадастрын құру жөніндегі жұмысты аяқтау жоспарланып отыр.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қала құрылысы кадастры (бұдан әрі – МҚК) Қазақстан Республикасы кадастрларының мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасының тиісті әкімшілік-аумақтық бірлігінің шекарасында мынадай үш (республикалық, облыстық және базалық) аумақтық деңгейдегі бірыңғай жүйе бойынша жүргізіледі.

МҚК жүргізу салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендер мониторингінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілерінің жай-күйі мен өзгерістерін байқау жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Уәкілетті орган МҚК құру бойынша басшылық құжаттарын әзірледі және жаңартты, алайда 8 қалада (Астана, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Ақтау, Талдықорған, Орал, Қарағанды) ғана МҚК тиісті деңгейде жүргізіліп отыр. 2011 – 2012 жылдары республикалық деңгейдегі МҚК әзірлеуді қаржыландыру көзделген, ал облыстық және базалық деңгейлердегі МҚК құру және жүргізу жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Негізгі проблемаларды талдау.

МҚК міндеттері қала құрылысы мен сәулет-құрылыс құжаттамаларын жүйелі жинау және есепке алу арқылы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікке (аумаққа) сәйкес келетін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінде бірыңғай, аумақтық таратылған, Қазақстан Республикасының тиісті әкімшілік-аумақтық

бөлінісіне сәйкес келетін ақпараттық жүйе қалыптастыру, осы салада мемлекеттік басқаруды тікелей іске асыруды ақпараттық қамтамасыз етуді қоса алғанда, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің субъектілері үшін ақпарат берудің ашық және қол жетімді жүйесін құру, сондай-ақ жоспарлау мен құрылыста ақпараттық жүйені одан әрі пайдалану болып табылады.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының барлық аумағындағы мемлекеттік қала құрылыс кадастрының ағымдағы жағдайына талдау жүргізген кезде мемлекеттік қала құрылыс кадастры барлық жерде бірдей жүргізілмей жатыр, ал жүргізіліп жатқаны базалық және облыстық деңгейлердегі қала құрылыс кадастрын құру мен жүргізу жергілікті бюджеттен қаржыландырмағандықтан әртүрлі әдістер мен бағдарламалық қамтамасыз етулерге сәйкес жүргізіліп жатыр.

3-бөлім. Стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары, іс-шаралар және нәтижелердің көрсеткіштері

3.1. Стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары, іс-шаралар және нәтижелердің көрсеткіштері

Ескерту. 3.1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.03.30 № 405, 2012.04.28 N 551 , 2012.12.29 N 1793 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.12.29 N 1794 Қаулыларымен.

1-стратегиялық бағыт. Тұрғын үй құрылысын дамыту
 1.1-мақсат. Тұрғын үйді қамтамасыз ету
 Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін бағытталған бюджеттік бағдарламалардың кодтары 008, 009, 011, 015, 024, 035

Нысаналы индикаторлар (қол жеткізудің түпкілікті мерзімін (кезеңін) көрсете отырып)	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жылдың жоспары	Жоспарлы кезең				
					2011	2012	2013	2014	2015
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Бюджет қаражаты есебінен тұрғын үй құрылысының көлемі	Статдеректер	мың шаршы метр	605,1	884,1	387,3	892,0	805,7	830,6	830,0

1.1.1-міндет. Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуды және сатып алуды қамтамасыз ету

Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жылдың жоспары	Жоспарлы кезең				
					2011	2012	2013	2014	2015
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жалға берілетін коммуналдық	Статдеректер		200	200,3	205,9	270,7	440,9	430,0	475

тұрғын үйді пайдалануға беру көлемі		м ы ң шаршы метр							
2. Әкімдіктерде тұрғын үй алуға кезекте тұрған азаматтарды жалға берілетін (коммуналдық) тұрғын үймен қамтамасыз ету үлесі	(ЖАО деректері	%			1,5	1,7	2,8	5,3	7,8
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс шаралар	жоспарлы кезең ішінде іске асыру мерзімі								
	2011	2012	2013	2014	2015				
1. Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламасының шеңберінде жалға берілетін коммуналдық тұрғын үй салу және сатып алу	X	X	X	X					
1.1.2-міндет. Кредиттік қаражат есебінен тұрғын үй салуды және сатып алуды қамтамасыз ету									
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жылдың жоспары	Жоспарлы кезең				
					2011	2012	2013	2014	2015
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1 Жергілікті атқарушы органдарға кредит беру есебінен пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі	Статдеректер	мың шаршы метр	405,1	413,0	136,9	245,0	364,8	324,7	355
2. Қолжетімді тұрғын үймен азаматтарды қамтамасыз ету үлесі	Ж А О деректері	%		-	15,8	30	10,5	15	20
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне	жоспарлы кезең ішінде іске асыру мерзімі								
	2011	2012	2013	2015					

қол жеткізуге арналған іс-шаралар				2014	
1	2	3	4	5	6
1. Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2011 – 2014 жылдарға арналған және «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламаларының шеңберінде кредиттік тұрғын үй салу және сатып алу	X	X	X	X	-
2. «Нұрлы көш» бағдарламасының шеңберінде кредиттік тұрғын үй салу және сатып алу	X	X	-	-	-

1.1.3-міндет. Үлескерлер қатысатын құрылысы аяқталмаған объектілерде тұрғын үй құрылысын қамтамасыз ету

Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жылдың жоспары	Жоспарлы кезең				
					2011	2012	2013	2014	2015
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Үлескерлер қатысатын құрылысы аяқталмаған объектілерде тұрғын үйлерді пайдалануға беру көлемі	Ж А О деректері	мың шаршы метр	-	290	94,8	376,3	-	75,9	-
2. Мемлекеттік қолдау есебінен құрылыс аяқталып жатқан үлестік құрылыс объектілерінде бір пәтерден артық емес үлескерді қамтамасыз ету үлесі	Ж А О деректері	%	-	64	100	-	-	-	-

Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	жоспарлы кезең ішінде іске асыру мерзімі				
	2011	2012	2013	2014	2015
1	2	3	4	5	6

қызметтеріне қол жеткізу	стат-деректер	%	8,8	8,8	8,8	9	10	11	12
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	жоспарлы кезең ішінде іске асыру мерзімі								
	2011	2012	2013	2014	2015				
1	2	3	4	5	6				
1. Сумен жабдықтау және су бұру объектілерін салу және қайта жаңарту	X	X	X	X	X				
2. Инвестициялық негіздеме әзірлеу	X	X	X						
3. Тазарту құрылыстарын қайта жаңарту мен салуды жүргізу	X	X	X	X	X				
4. Инженерлік желілер мен құрылыстардың техникалық жай-күйіне бағалау жүргізу	X	X	X						
2.1.2-міндет. Тұрғын үй қорын күтіп-ұстауды қамтамасыз ету									
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жылдың жоспары	Жоспарлы кезең				
					2011	2012	2013	2014	2015
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Күрделі жөндеуді қажет ететін кондоминиум объектілерінің үлесі	ЖАО деректері	%			32	30	25	22	20
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	жоспарлы кезең ішінде іске асыру мерзімі								
	2011	2012	2013	2014	2015				
1	2	3	4	5	6				
1. Тұрғын үй инспекция қызметінің құқықтық негізін қамтамасыз ету	X	X	X	X	X				
2. Кондоминиум объектілерін күрделі жөндеуге кредит берудің жаңа тетіктерін әзірлеу	X	X	X	X	X				
3. Кондоминиум объектілерін жөндеу жүргізуді бірлесіп қаржыландыру ретінде үй-жайлар (пәтерлер)	X	X	X						

үй-коммуналдық шаруашылығының энергия тиімділігі орталықтары бойынша ЖСҚ және жұмыс жобаларын әзірлеу»	«ҚазСҚҒЗИ» РМК	саны			3				
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	жоспарлы кезең ішінде іске асыру мерзімі								
	2011	2012	2013	2014	2015				
1	2	3	4	5	6				
1. Энергия үнемдеу саясатын насихаттау бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу	X	X	X	X	X				
2. Тұрақты негізде ТКШ жүйесі мен объектілерінің жай-күйіне түгендеу жүргізу	X	X	X	X	X				
3. ТКШ-ге мониторинг жүргізудің және бақылаудың ақпараттық-талдамалық жүйесін құру, енгізу және сүйемелдеуді қамтамасыз ету	X	X	X	X	X				
4. Тұрақты негізде ТКШ жүйесі мен объектілерінің жай-күйі көрсеткіштері жөнінде деректер жинақтау	X	X	X	X	X				
5. Халыққа көрсетілетін коммуналдық қызметтердің сапасына мониторинг жүргізу	X	X	X	X	X				

3-стратегиялық бағыт. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жетілдіру

3.1-мақсат. Нормативтік-техникалық базаны озық мемлекеттердің нормативтерімен үйлестіру және жобалау құжаттамасының сапасын арттыру

Осы мақсатқа жетуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың кодтары 003, 021

Нысаналы индикаторлар (қол жеткізудің					Жоспарлы кезең				
	Ақпарат көзі								

түпкілікті мерзімін (кезеңін) көрсете отырып)		Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жылдың жоспары	2011	2012	2013	2014	2015
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Құрылыс жұмыстарының нақты көлемінің индексі	статдеректер	% өткен жылға	95,1	95	102,5	103,1	103,5	103,3	103,6
3.1.1-міндет. Құрылыс саласын техникалық реттеу жүйесін реформалау									
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жылдың жоспары	Жоспарлы кезең				
					2011	2012	2013	2014	2015
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Сәулет, қала құрылысы, құрылыс қызметі және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы нормативтік-техникалық базаны жетілдіру	Нормативтік-техникалық құжаттардың тізбесі	бірлік	49	125	254	148	89	115	122
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	жоспарлы кезең ішінде іске асыру мерзімі								
	2011	2012	2013	2014	2015				
1	2	3	4	5	6				
1. Жобалаудың еуропалық нормаларымен үйлестірілген ұлттық қосымшаларды әзірлеу	X	X	X	X					
2. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында нормативтер әзірлеу	X	X	X	X	X				
3. Сметалық нормалар мен бағалар әзірлеу	X	X	X	X					
4. Материалдарға ағымдағы бағаларда жинақтар шығару			X	X	X				
5. Үлгі жобалар әзірлеу	X	X	X	X					
6. Сәйкестікті бақылау, қадағалау және бағалау жүйесін	X	X	X	X					

жетілдіру бойынша нормативтік құжаттар әзірлеу									
3.1.2-міндет. Тиімді конструктивті шешімдер мен технологияларды әзірлеу арқылы ғимараттардың (құрылыстардың) және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдардың - ұзақтылығы мен ұзақ мерзімін қамтамасыз ету									
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жылдың жоспары	Жоспарлы кезең				
					2011	2012	2013	2014	2015
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Сейсмикалық тәуекелді төмендетуге, ғимараттардың (құрылыстардың) төзімділігі мен ұзақ уақытқа жарамдылығын қамтамасыз етуге және ресурс пен энергия үнемдеу технологияларын әзірлеуге бағытталған жүргізілген қолданбалы ғылыми зерттеулердің саны (ағымдағы жылы аяқталатын тақырыптар саны/ келесі жылға ауысатын тақырыптар саны)	«Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы» АҚ қалыптастыратын ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалардың мемлекеттік тізілімі	бірлік	2/1	1/1	1/0	3/7	4/6	8/1	1/2
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар	жоспарлы кезең ішінде іске асыру мерзімі								
	2011	2012	2013	2014	2015				
1	2	3	4	5	6				
1. Агенттікке ведомстволық бағыныстағы ғылыми ұйымдарды күшейту	X								
2. Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында жаңа технологиялар	X	X	X					X	

әзірлеуге бағытталған ғылыми зерттеулерді дамыту					X	
3. Аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижелерінің мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама арқылы өтуі	X	X	X	X	X	X

3.2-мақсат. Қазақстан Республикасының қалалары мен облыстарын кеңістіктік жоспарлау дамытуды ұйымдастыру Осы мақсатқа жетуге бағытталған бюджеттік бағдарламаның коды 003

Нысаналы индикаторлар (кол жеткізудің түпкілікті мерзімін (кезеңін) көрсете отырып)	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жылдың жоспары	Жоспарлы кезеңде				
					2011	2012	2013	2014	2015
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Қазақстан Республикасы аумағының қала құрылысын дамыту жүйесі	Аумақты ұйымдастыру бас схемасының деректері	бірлік	-	-	-	-	-	1	-
2. Елді мекендердің қала құрылысы құрылымының деректер базасы	Республикалық деңгейдегі МҚК мәліметтері, аралас салалардың ақпараттық жүйелері	бірлік	-	-	-	-	1	-	-

3.2.1-міндет. Қазақстан Республикасының негізгі қала құрылысы жобасын әзірлеу

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жылдың жоспары	Жоспарлы кезең				
					2011	2012	2013	2014	2015
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу жөніндегі жобаны іске асыру дәрежесі	Министрліктер мен ведомстволардың, ЖАО-ның деректері	орындалған жұмыстардың %		3	34	65	100		
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне кол жеткізуге арналған іс-шаралар	жоспарлы кезеңде іске асыру мерзімі								
	2011	2012		2013		2014		2015	
1	2	3		4		5		6	
